

Арқалық қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 116 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 мамырда № 27928 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Арқалық қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы

Г. Елтебаева

Арқалық
қалалық мәслихатының
2022 жылғы 29 сәуірдегі
№ 116 шешіміне
қосымша

Арқалық қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы 1 есептік бірлікке, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,85 1,89
2	Интернаттар	1 орын	0,73
3	Қонақ үйлер	1 орын	2,10
4	Балабақшалар	1 орын	0,52
5	Мекемелер, ұйымдар, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,36
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,01
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,80
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,34
9	Мейрамханалар, дәмханалар	1 отыратын орын	1,25
10	Концерт залдары	1 отыратын орын	0,17

11	Стадиондар	Жоба бойынша 1 орын	0,01
12	Спорт және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,02
13	Азық-түлік және өнеркәсіптік тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,53
14	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	1,43
15	Базарлар	Сауда алаңы 1 м2	0,44
16	Өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,50
17	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,12
18	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,19
19	Автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	3,84
20	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,48
21	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,62
22	Тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,21
23	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,24
24	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау)	1 жұмыс орны	1,95
25	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,20